

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 53 "Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 169 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 қарашада № 7277 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 64 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 30.03.2021 № 64 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңы 28-бабының 6-тармағына сәйкес және "Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 3 және Қостанай облысы мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 161 бірлескен қаулысы мен шешімінің негізінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7123 болып тіркелген) Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Науырзым ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 53 "Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-16-115 болып тіркелген, 2011 жылдың 28 ақпанында "Науырзым тынысы" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

әкімдік қаулысының қосымшасында реттік нөмірі 9-жол жаңа редакцияда жазылсын:

9	Буревестник ауылы	"Науырзым ауданы Буревестник ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта; "Науырзым ауданы білім беру бөлімінің Буревестник орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта.
---	-------------------	--

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Науырзым ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Науырзым ауданының
әкімі*

Т. Даиров

"КЕЛІСІЛДІ"

Науырзым аудандық
сайлау комиссиясының
төрайымы

_____ Н. Гринь

2017 жылғы 6 қазан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК